

өзіндік заңдылықтары қалыптасты. Мәселен, қазақ халқының көшпелі шаруашылығының экономикалық заңдылықтарына тоқтала келе, Ә. Бөкейхан далалық облыстардың уездеріндегі өсімдік әлемінің әр түрлілігіне сәйкес төрт түлік малға қажетті жайылым көлемі де әр түрлі қалыптасады деген қорытынды жасайды.

Ә. Бөкейханның қазақтың дәстүрлі шаруашылығына қатысты жазған еңбектерінің түпкі мақсаты – патшалық Ресей үкіметінің отарлық мәнге ие қоныс аудару мен қазақ жерін жаппай тартып алу саясатына ғылыми тұрғыда негізделген дәлелдері арқылы қарсы тұру болды. Қазақ даласының табиғи-климаттық ерекшеліктері мен көшпелі мал шаруашылығының заңдылықтарын есепке алмай жүргізілген аграрлық саясаттың жергілікті халықтың да, қоныс аударушылардың да шаруашылығына зиянын тигізетініне патша чиновниктерінің көзін жеткізу еді.

Жалпы, Ә. Бөкейханның қазақ халқының тарихына, мәдениеті мен дәстүрлі мал шаруашылығы жәйлі ғылыми тұрғыда негізделген ой-тұжырымдары бүгінгі күннің талаптарына сай осы бағыттағы өзекті мәселелері бойынша тәжірибелік маңызға ие.

Қазақстан тәуелсіздігінің келесі жылы болатын 30 жылдығы аясында халқымыздың біртуар азаматы Әлихан Бөкейханның туғанына 155 жыл толуына орай өткізіліп отырған республикалық іс-шаралардың қорытындысы ретінде еліміздің жетекші университеттерінің біріне оның есімі беріліп, Елордада ескерткіш орнатылса ұлттық сана үшін үлкен мәні бар іс болар еді деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақ» газеті/Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. -560 бет.
2. Тынышбаев М. История казахского народа, - Алматы, Санат, 1998.
3. Асфендияров С.Д. История Казахстана с др. вр. 2-ое изд. под ред. проф. А.С. Такенова - Алма-Ата: «Қазақ университеті», 1993
4. Тынышбаев М. Таңдамалы. - Алматы: Арыс, 2001
5. Тынышбаев М. Материалы к истории киргиз-казахского народа. -Ташкент, 1925.
6. Жүгенбаева Г. Мұхаметжан Тынышбаевтың адмерал колчакқа хаты //Егемен Қазақстан - 1999. - 4 қыркүйек (№6). – Б. 24-26.
7. Төлбасиева С.Қ. М. Тынышбаев – қазақ шежіресін зерттеуші //Қазақ тарихы, 2004. - №1. -Б. 83-86.
8. Асфендияров С.Д. История Казахстана. -Алматы: Санат, 1993.
9. Бабажанов С. Этнографиялық мақалалар. -А., 1993.

Қазақстандағы неміс диаспорасы тарихының зерттелуі

Орманбет Е.Е.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д., профессор Мусағалиева А.С.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Тарих тағылымы кез келген өркениетті елдердің ұлттық тәуелсіздіктеріне қол жеткізгеннен кейін, мемлекет құрушы ұлттан басқа да ұлттардың мемлекет дамуына қосқан үлестерін назардан тыс қалдырмай, орнын айқындап отырады. Осы тұрғыдан келгенде, қазақ жеріне тағдыр талқымен келген, өзге ұлттардың қоныстану тарихы, жаңа жерге бейімделуі және тіршілігі жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Бүгінгі таңда көп этносты ел болып табылатын Қазақстан Республикасында 130-дан артық этнос өкілдері, соның ішінде немістер өмір сүреді. Осы жағдайда мемлекет пен азаматтық қоғамның басым міндеттерінің бірі – Республикада этнос аралық және конфессия аралық келісімді қамтамасыз ету болып табылады, оған елімізде тұратын халықтардың тарихи, мәдени мұрасын зерттемей, қол жеткізу мүмкін емес.

Еліміз тәуелсіздік жариялағаннан кейін тарих ғылымында белгілі бір түрде өзгерістер орын алып, тарихшылар алдында ғылыми-зерттеу алаңы кеңінен ашылды. Осы тұста тарихшылар алдында еліміздегі диаспоралардың тарихы мен қалыптасуы, мемлекет дамуына қосқан үлесін зерттеу өте маңызды. Қазақ жеріндегі неміс диаспорасының шынайы тарихын зерделеу мәселесінде көп еңбектер жазылғанмен әр жыл сайын уақыт өте келе көптеген деректер ашылып, зерттеу аясын кеңейтіп отыр.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан пен Германия арасындағы ынтымақтастықтың жетістігі – саяси және экономикалық прагматикаға да таралады. Одан да сенімді капитал бар – ол адамдар, «халық дипломатиясы мен мәдени алмасу арасындағы жанды көпір». Бұл – Қазақстаннан өздерінің тарихи отанынына кеткен мыңдаған немістер. Бұл – қазіргі кезде Қазақстанда өмір сүріп жатқан немістер...» [1, 59-б.] деген сөздерінен қазақ жеріндегі немістердің ел дамуына тигізген оң ықпалын жоғары бағалайтынын аңғартады.

Қазақстандағы неміс диаспорасының тарихы жайлы еңбектерді сараптай келсек, еліміздің тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақыттағы еңбектер санының көбейгенін аңғарамыз. Негізінде, неміс ұлты өкілдерінің қиын тағдыры, өмірі, қоныс аудару мәселелері бойынша зерттеулер қазақ жеріне күштеп қоныс аударылған этностар тарихын зерттеу мәселелерінен туындаған.

Кеңестік ғылымдағы немістер тақырыбы ұзақ уақыт бойы дерлік жабық болды. Дегенмен, Қазақстанда тұратын немістер кірген кеңестік немістер туралы ешқандай зерттеулер болған жоқ деп айтуға болмайды. Жекелеген ғалымдардың күш-жігерінің арқасында тілтану, атап айтқанда неміс диалектілері бойынша ғылыми еңбектер жарық көрді. Немістердің діни сенімдері туралы, негізінен атеистік бағыттағы жұмыстар пайда болды [2].

XX ғасырдың 80-жылдары аяғында орнаған «қайта құру» саясаты және жекелеген халықтар мәселелерінің көтерілуі барысында неміс халқы туралы ғылыми еңбектер жарыққа шығып, Қазақстан немістері жеке зерттеу тақырыбына айналды. 1991 жылы ҚазКСР ҒА Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында Фризен А.Н. «Участие советских немцев в развитии сельского хозяйства Казахстана (1954-1970 гг.)», Рис Л.Э. «Культурная жизнь немецкого населения Казахстана (1955-1985 гг.)», Кригер В.Э. «Социально-экономическое развитие немецкой переселенческой деревни Казахстана (дореволюционный период)» тақырыптарында диссертациялар қорғаған болатын. Бұл жұмыстардың әрқайсысы республикадағы немістер тарихының бір жеке аспектісіне арналған: кеңестік немістердің Қазақстанның ауыл шаруашылығына қосқан үлесі, неміс халқының өмір мәдениеті, олардың революцияға дейінгі өмір кезеңі. Дегенмен, тәуелсіздік алғаннан кейін аталған ғалымдардың Германияға қоныс аударуы аталған тақырыптардағы зерттеулердің азаюына әсер еткен болатын.

1997 жылы Алматы қаласында Қазақстан Республикасы Президенті мұрағаты құрастыруымен «Қазақстандағы немістер тарихынан» атты құжаттар жинағы жарыққа шықты. Аталған жинақ Қазақстандағы немістердің құқықтық, әлеуметтік-саяси және экономикалық жағдайын мұрағат құжаттары негізінде қарастырудың елеулі қадамдардың бірі болған. Жинақ құрастырушылары 1921-1975 жылдар аралығында Қазақстан Коммунистік партиясы қызметі барысында жасалған таңдаулы, әлі толық зерттелмеген құжаттарды жарыққа шығарған [3].

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап аталған тақырып бойынша жемісті жұмыс атқарып жүрген Ресей немістері тарих және мәдениет зерттеушілерінің халықаралық қауымдастығының мүшесі Л.А. Бургарт еңбектерін атап өтсек болады. Ол «Немецкое население в Восточном Казахстане в 1941–1956 гг.» атты еңбегінде және Қазақстандағы неміс халқының тарихына байланысты мақалаларында немістерді депортациялау, олардың діни өмірлері мәселелерін көтереді [4, 42-46 бб.].

Қазақстан немістерінің тарихын зерттеуде 2009 жылы Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті тарих факультеті археология, этнология және

Отан тарихы кафедрасында қорғалған Ямшанова О.А. «История немецкой диаспоры Центрального Казахстана в XX в.» тақырыбындағы диссертациясы Қарағанды облысындағы неміс диаспорасының тарихын зерттеуде үлкен үлес қосты. Аталған диссертацияда XX ғасырдағы Қарағанды облысында неміс диаспорасының қалыптасу тарихы, 1950-1970 жылдар аралығында неміс халқының әлеуметтік-мәдени өмірі және мемлекеттік, партиялық органдардың неміс халқына қатысты саясаты мәселелері көтеріледі[5].

Аталған тақырыпты зерттеуде 2009 жылы Ресей Федерациясы, Томск қаласындағы Томск мемлекеттік университетінің тарих және құжаттану кафедрасында қорғалған Ефремова-Шершукова Н.А. «Немцы Казахстана: депортация, спецпоселение, реабилитация» тақырыбындағы диссертациясында Қазақстанға немістерді депортациялау тарихы және олардың реабилитациялау мәселелерін көтереді[6]. Сонымен қатар, аталған университетте осы жылы Павлодар облысының неміс диаспорасы тарихына арналған Подопригора Ю.И. «Немцы Павлодарского Прииртышья» тақырыбындағы диссертациясы қорғалды[7].

Қазақстан немістерінің тарихын зерттеуде естеліктердің рөлі ерекше екені анық. Осы мақсатта 2013 жылы Алматы қаласында «Возрождение» Қазақстан немістерінің бірлестігінің қолдауымен Е.С. Шепель мырзаның «История судеб из уст очевидцев» атты құжаттар жинағы жарық көрді. Бұл жинақта оқырманға депортация мен репрессияға ұшыраған Ресей немістері тарихына жеке адамдар тағдырының призмасы арқылы қарауға мүмкіндік береді. Зерттеулер тарихи анықтамалар, мұрағат құжаттары мен құжаттық дәлелдемелер негізінде жасалған [8]. Аталған тақырып бойынша құнды кітаптардың бірі «Депортация народов в Казахстан в 1930-1950 гг.: общность истории» болып саналады. XX ғасырдың 30-жылдары Қазақстанға күштеп қоныстандырылған өзге ұлт өкілдері мен олардың туыстары естеліктері негізінде жазылған жұмыстардан сол уақыттың куәгерлері заманның аласапыран тұстарын еске алып, өзіндік бағаларын береді. «Болашақ үшін естелік» халықаралық жобасы аясында Қазақстан халқы Ассамблеясы ұйымдастыруымен шыққан еңбек негізінде 82 сұхбат алынып, Кеңес өкіметі саясатының қыр-сырларын зерттейтін ізденушілерге маңызды болып табылады [9].

Аталған тақырыпты зерттеудің алғашқы жылдарынан бастап осы мәселеге арналған ғылыми-конференциялар өткізілді. 1990 жылдары неміс диаспорасы тақырыбын ғылыми зерттеудегі маңызды оқиға 1997 жылы қазанда Алматы қаласында «Орталық Азия немістерінің тарихы» халықаралық ғылыми конференциясын өткізу болды. Ол Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты базасында Геттинген зерттеу орталығының (ГФР) қолдауымен және қатысуымен өтті.

2015 жылы 5-7 қазан аралығында Алматы қаласында Қазақстан немістерінің «Возрождение» бірлестігінің ұйымдастыруымен «Қазақстан немістері: Астана мен Берлин арасындағы көпір» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді. Конференция қатысушылары өз баяндамаларында Қазақстандағы немістер мәселелерін көтереді, оның ішінде немістердің Германиядан Қазақстанға реэмиграциялауы; Қазақстан мен Германия арасындағы экономикалық және мәдени байланыстар; еліміздегі ұлтаралық бейбітшілік пен келісімді сақтаудағы Қазақстан халқы Ассамблеясының маңызы. Қатысушылар өз баяндамаларында аталған мәселелердің шешу жолдарын ұсынады [10].

Қазақстандағы неміс диаспорасының тарихына жаңаша көзқарас жағынан, тұрмыс-тіршілігі жайлы сипаттайтын «Қазақстан немістері: тарихы және қазіргі заманғы этноәлеуметтік үдерістер» деген еңбек өзінің ауқымдылығымен ерекшеленеді. Еңбек Қазақстан немістерінің тарихы мен қазіргі этникалық-әлеуметтік үдерістеріне арналып, оның шығуына Қазақстан халқы Ассамблеясы мен ҚР Білім және Ғылым министрлігі ықпал жасады. Жұмыста XIX ғасырдың аяғынан бастап Қазақстан немістерінің қалыптасу тарихы зерттелген, 1940 жылдардың басында депортация және XX ғасырдың соңындағы эмиграция кезінде орын алған, немістердің саны мен орналасуындағы өзгерістер қарастырылады, сонымен бірге қазіргі этнодемографиялық және этномәдени даму мәселелері талданады [11].

2017 жылы Ресей Федерациясының Омск қаласында Д.С. Лихачев атындағы Ресей ғылыми-зерттеу институты мен Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

бірлесіп Қазақстан мен Сібірдегі немістердің мәселесі жайлы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясын өткізді. Конференция барысында Солтүстік Қазақстан өңіріне немістердің көшірілуі, олардың әлеуметтік жағдайы, мәдени өмірі, діні, олардың тарихы мен азаматтардың тағдыры мәселелері қарастырылды. Сонымен қатар мақала авторлары неміс халқының қауым ретінде қалыптасуы және этнотарихи дамуы және бүгінгі таңдағы жағдайы жан-жақты сипатталады [12, 2 с.].

Тәуелсіздік алған сәттен бастап республика халқының полиэтностық құрамын, этносаралық толеранттылық пен келісімді сақтауға бағытталған этномәдени саясатты іске асыруда диаспораларды дамыту үшін институционалдық және заңнамалық база құрылды. Қазақстан аумағында тұратын ұлттық топтардың құқықтарын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік органдардың қызметі республиканың этномәдени бірлестіктерімен өзара тығыз іс-қимылда жүзеге асырылады. Осыған байланысты, аталған мәселені зерттеу маңыздылығы арта түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан немістері: тарихы және қазіргі заманғы этноәлеуметтік үдерістер / Қазақстан халқы Ассамблеясы, ҚР Білім және Ғылым министрлігі Ғылым комитеті, ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы. – Астана, 2016. – 144 б.
2. Черказьянова И.В. Диссертационные исследования о российских немцах: проблемы постсоветского информационного пространства // Немцы новой России: проблемы и перспективы развития: Мат-лы 2-й международ. науч. – практ. конф. Москва, 7-9 декабря 2009 г. – М., 2010. – С. 91 – 95.
3. Из истории немцев Казахстана (1921-1975 гг.). Сборник документов: Архив Президента Республики Казахстан / Отв. Редактор Г.А. Карпыкова. – Алматы – Москва: Готика, 1997. – 376 с.
4. Международная ассоциация исследователей истории и культуры российских немцев. 1995 – 2010: Справочник. – М.: МСНК, 2010. – 220 с.
5. Ямшанова О.А. История немецкой диаспоры Центрального Казахстана в XX в.: Автореф. дисс. ... канд. ист. наук. – Караганда, 2009. – 20 с.
6. Ефремова-Шершукова Н.А. Немцы Казахстана: депортация, спецпоселение, реабилитация: Автореф. дисс. канд. ист. наук. – Томск, 2009. – 27 с.
7. Подопригора Ю.И. Немцы Павлодарского Прииртышья. – Алматы: [б.и.], 2010 – 160 с.
8. История судеб из уст очевидцев. Сборник материалов по истории этнических немцев в годы депортации. – Алматы: Ассоциация общественных объединений немцев Казахстана «Возрождение», 2013. – 86 с.
9. Депортация народов в Казахстан в 1930-1950 гг.: общность истории (интервью с пострадавшими от депортации в 1930-1950 годы в Казахстан). – Астана, 2013г. – 683 с.
10. Қазақстан немістері: Астана мен Берлин арасындағы көпір. Халық. ғыл.- практ. конф. мат. (Астана қ., 5-7 қазан 2015 ж.). – Алматы: АООНК «Возрождение», 2015. 560 б.
11. Қазақстан немістері: тарихы және қазіргі заманғы этноәлеуметтік үдерістер / Қазақстан халқы Ассамблеясы, ҚР Білім және Ғылым министрлігі Ғылым комитеті, ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы. – Астана, 2016. – 144 б.
12. Немцы Казахстана и Сибири: история и современные проблемы развития: материалы Международной научно-практической конференции / гл. ред. И.А. Селезнева; отв. ред. М.Л. Бережнова, С.Р. Курманова, К.Ю. Гизиева. – М.: Институт наследия, 2017. – 198 с.